

Қазақстан Республикасының "Ақпараттандыру туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттандыру мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі N 90-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының " Ақпараттандыру туралы " және " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттандыру мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын, Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2007 жылғы 13 сәуірдегі
N 90-ө өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасының»"Ақпараттандыру туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттандыру мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2007.07.23. N 197 өкімімен.

р/с N	Әзірленуге жататын нормативтік құқықтық акт жобасының атауы	Аяқталу нысаны	Орындалуына жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5
1	Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы жұмыстарды үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының ережесін және құрамын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АБА	2007 жылғы мамыр
2	Ұлттық электрондық ақпараттық ресурстар мен ұлттық ақпараттық жүйелердің тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АБА (жинақтау), Әділетмині, Қаржымині	2007 жылғы мамыр

3	Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардың құрамына енгізілетін жеке тұлғалардың дербес деректерінің тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині, (жинақтау), АБА	2007 жылғы мамыр
4	Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің және депозитарийдің мемлекеттік тіркелімін жүргізу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АБА	2007 жылғы мамыр
5	Мемлекеттік ақпараттық жүйелердің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне аттестаттау жүргізу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АБА (жинақтау), ҰҚК, ПМК	2007 жылғы мамыр
6	Мемлекеттік органдардың веб-сайттарына орналастырылатын мемлекеттік органдар туралы электрондық ақпараттық ресурстардың тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АБА (жинақтау), МАМ	2007 жылғы мамыр
7	Электрондық ақпараттық ресурстарды мемлекеттік органдардың веб-сайттарына орналастыру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АБА (жинақтау), МАМ, ҰҚК	2007 жылғы мамыр
8	Астана қаласының пилоттық аймағында мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасын пайдалану ережесін бекіту туралы	Бұйрық	АБА (жинақтау), ҰҚК (келісім бойынша), ПМК	2007 жылғы шілде
9	"Электрондық үкімет веб-порталының контентін басқарудың ішкі жүйесін пайдалану ережесін бекіту туралы	Бұйрық	АБА (жинақтау), МАМ, ҰҚК(келісім бойынша), ПМК	2007 жылғы шілде
10	Бірыңғай электрондық құжат айналымы жүйесінің аппараттық-бағдарламалық қамтамасыз етуін пайдалану ережесін бекіту туралы	Бұйрық	АБА (жинақтау), ҰҚК(келісім бойынша), ПМК	2007 жылғы шілде
11	Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы ұлттық оператор туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АБА	2007 жылғы мамыр
12	"Электрондық үкімет" ведомствоаралық және ведомстволық ақпараттық	Бұйрық	АБА	

жүйелерінің өзара іс-қимылы
ережесін бекіту туралы

2007

				жылғы мамыр
13	Ақпараттық жүйелердің аудитін жүргізу ережесін бекіту туралы	Бұйрық	АБА (жинақтау), ПМК	2007 жылғы мамыр
14	Ұлттық электрондық ақпараттық ресурстар мен ұлттық ақпараттық жүйелерді, ақпараттық коммуникация желілерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу ережесін бекіту туралы	Бұйрық	АБА (жинақтау), ПМК	2007 жылғы мамыр
15	Мемлекеттік органдардың веб-сайттарын бағалау әдістемесін бекіту туралы	Бұйрық	АБА (жинақтау), ПМК	2007 жылғы мамыр
16	Бағдарламалық өнімдерді, бағдарламалық кодтарды және нормативтік-техникалық құжаттаманы депозитарийге тіркеу, беру, сақтау тәртібін бекіту туралы	Бұйрық	АБА	2007 жылғы мамыр
17	"Мекен-жай тіркелімі" ақпараттық жүйесіне мекен-жайды тіркеу ережесін және оның құрылымын бекіту туралы	Облыстардың, Астана, Алматы қалалары әкімдіктердің қаулылары	Жергілікті атқарушы органдар, АБА	2007 жылғы мамыр
18	Елді мекендердің құрамдық бөліктеріне атаулар беру және қайта атау тәртібін жүргізу жөніндегі ережені, жер учаскелеріне, ғимараттар мен құрылыстарға реттік нөмірлер беруге қойылатын талаптарды бекіту туралы	Облыстардың, Астана, Алматы қалалары әкімдіктердің қаулылары	АБА	2007 жылғы мамыр

Ескертпе :

МММ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
ҰҚК - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ПМК - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің Кеңесі

